

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН "МАҚТА" АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 21 ақпан N 200. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996.05.12. N 579 қаулысымен.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынысын ескере отырып,
мақта өңдеу саласының кешенді дамытылуын қамтамасыз ету, тұтыну нарығын
мақта өңдеу өнімдерімен молықтыру жөніндегі жұмысты мемлекеттік реттеу мен
үйлестіруді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер
Кабинеті қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің "
Қазмақтадайындау өнеркәсіп" өндірістік бірлестігінің негізінде мемлекеттің
қатысуымен "Мақта" аумақтық акционерлік компаниясын құру туралы
ұсынысына келісім берілсін.

2. Компанияның жұмыс органдары функцияларын орындау "Шымкент

Мақта" акционерлік қоғамының басқармасы мен атқару аппаратына
жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі
мемлекеттік комитетіне мыналар тапсырылсын:

компанияның құрамына енгізілетін кәсіпорындар мен акционерлік
компаниялардың тізбесі белгіленсін;

Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өңдеу зауыттары негізінде
құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері
иелену, пайдалану және басқару құқығымен компанияға берілсін;

бір ай мерзім ішінде компанияның құрылтай құжаттары әзірленіп,
компания акцияларының мемлекеттік пакетінің иесі атынан Байқаушы
кеңесінің құрамы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК